

Жануарлардың тейлериидоздары

Әшірбек Ә
Рузматов С



Theileriidae тұқымдасы

- Тейлериидоздар – Theileriidae тұқымдасына жататын патогенді қарапайымдылар тудыратын, протозойлық, трансмиссивтік аурулар. Тейлериидоздармен ірі қара және ұсақ мүйізді малдар, жылқылар (нутталлиоз) ауырады.

- Қазақстанда және басқа ТМД елдерінде ірі қара малының тейлериозы және жылқының нутталлиозы кезігеді.



Рис. 1. Самка клеща Boophilus calcaratus.



ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ ТЕЙЛЕРИОЗДАРЫ

- Тейлериоздар – Theileria туысына жататын қарапайымдылар тудыратын, ірі қара малының, буйволдардың (енеке немесе дала сиыры), зебулардың (өркешті сиыр) жіті немесе жітілеу түрде өтетін трансмиссивтік аурулары.
-
- ТМД елдерінде ірі қара малдарында тейлерийлердің төрт түрі тоғышарлық етеді: Theileria annulata, Th.sergenti, Th. mutans және Th. orientallis, алғашқы екі түрі өте уытты тоғышарлар. Қазақстанда ірі қара малында тейлериозды тек қана Theileria annulata түрі

Биологический цикл тейлерий



- Тейлериоздар ірі қара шаруашылығының дамуына өте көп зиян келтіреді. Ауырған мал өлімі 60-80 % жетеді және мал өнімділігі азаяды. Ауырып жазылғаннан кейін сиырлардың сүттілігі тек қана 70-75 % қалпына келеді, сау кезіндегімен салыстырғанда. Малдың денесінде тейлерийлер сөл бездерінде, ұлпалы органдар және эритроциттерде тоғышарлық етеді.


1
2
3
4
5
6
Организм животного
Организм клеща

Қоздырушылары

- Тейлерийлердің эритроцитарлық түрлерінің сипаттамасы: эритроциттерде тейлерийлердің дөңгелек сопақша (80% дейін), таяқша, үтір тәрізді түрлері тоғышарлық етеді. Негізгі жиі кездесетін түрлері сопақша және эритроциттердің радиусынан кіші, дөнгелек түрлерінің мөлшері 0,5-1,5 мкм, сопақшалары – 0,6-2,0 мкм, таяқша тәрізділері – 0,7-2,5 мкм. Тейлерийлер көбінесе эритроциттердің ортасында, кейде шетінде орналасады. Бір эритроцитте 1-7 тейлерийлер тоғышарлық етеді жалпы зақымдалуы 80-95 % жетеді (101-сурет). Романовский–Гимза әдісімен тейлерийлердің ядросы



Макро және микрошизонтар

- Макро және микрошизонтар цитоплазмадан және көптеген ядролардан (50 және одан жоғары) тұратын көп ядролы денелер (102-сурет). Олардың мөлшері 8-27 мкм. Шизонттарды Романовский–Гимза әдісімен бояғанда цитоплазма көкшіл, ядролары қызылдау түске боялады. Микрошизонттардың ядролары кішкентай, дөңгелек нүкте тәрізді болады. Макрошизонттардың ядролары үлкен, түрлері әр түрлі болады.



Рис. 59. Макрошизонты и микрошизонты (гранатные тела).



Рис. 60. Theileria annulata (микромерозоиты в эритроцитах).

Қоздырғышының дамуы.

- Негізінде малдардың денесіндегі тейлерийлердің даму сатылары нақтылы зерттелініп, анықталған, ал кенелердің денесіндегі даму сатылары толық зерттелініп анықталған жоқ.
- Тейлерийлермен зақымдалған кенелер, сау малдың қанын сорғанда сілекейлерімен эритроциттерде орналасқан тейлерийлердің ұсақ түрлерін терісіне енгізеді. Тейлерийлер сөл, қан арқылы алдымен жақын сөл бездеріне, содан кейін ұлпалы органдарға жетіп шизогония немесе көптеген бөліну сатысымен дамиды. Осы ретте тейлерийлер (спорозоиттар)


1
2
3
4
5
6
7
8
9
10
11
12
13
14
15

Эпизоотологиялық деректер

- Тейлериоз ТМД елдерінің оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында таралған.
- Қазақстанда тейлериоз Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында жиі кездеседі. Тейлериоз Қызылорда облысында сәуірден қыркүйек айларына дейін, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарында сәуірден қазанға дейін кезігеді. Маусым шілде айларында ауырған мал саны көбейіп, инвазия жоғары сатысына жетеді. Осы айларда имаго сатысындағы кенелер көп тарайды, ауруды таратады. Тейлериоздың қоздырғышын Қазақстанда

Патогенезі.

- Патогенезі. Тейлерийлер регионалдық (аумақтық) сөл бездеріне еніп, шизогония жолымен көбейіп лимфадениттерді тудырады. Содан кейін тейлерийлер лимфа (сөл) тосқауылынан өтіп, қанға енеді, одан барлық органдарға тканьдарға тарайды. Осы ретте ауру асқынып, паразиттер барлық ұлпалы органдарда көбейеді. Паразиттердің шизогониалдық жолмен жаппай көбеюіне байланысты, мал денесінде тейлерийлердің қоректік қалдық заттары жиналады, олардың уыттары орталық нерв жүйесіне және жылу орталығына әсерлерін тигізеді, нәтижесінде дене қызуы өте жоғары көтеріледі.


а
б
в

Тейлериозды серологиялық анықтау

-
- **Серологиялық әдіс.** Бұл әдісте комплементті байлау және ұзақ байлау (КБР, КҰБР) реакциялары қолданылады. Тейлерий антигені макро және микрошизонттардан (аурудың алғашқы сатысында), немесе тейлерийлердің эритроцитарлық түрлерінен арнаулы әдістермен алынады. Бұл әдіспен ауруды жылдам және дәл анықтауға болады.

Емі.

- 1. Қазақтың ғылыми зерттеу ветеринариялық институтының схемасы. Алғашында ауру малға № 1-комплекс қолданылады: бұлшық етке 7 % азидин немесе беренил мөлшері 3,5 мг/кг; 20% сульфантрол ерітіндісі 10 мг/кг, окситетрациклин 2000-5000 бірлік; тері астына —20 % кофеин-бензоат натрий ерітіндісі 5-20мл және витамин В-12 мөлшері 1-2мкг. 2-6 сағат өткенде № 2 комплекс қолданылады: күре тамырға - 10% натрий хлорид ерітіндісі мөлшері 0,5 мл/кг және 10 % аскорбин қышқылы 1 мл әрбір 3-5 кг малдың салмағына. Осы ертінділерді қолданғаннан кейін бірден су немесе сут сарысуын береді. №1 және №2

БУТАКЮР
БУТАКЮР

Api-San
ПИРО СТОП®
ИМИДОКАРБ
КРОВЕПАРАЗИТАРНЫХ БОЛЕЗНЕЙ У ЖИВОТНЫХ
20 мл
ПОРЯДОК ПРИМЕНЕНИЯ

VETRIUM
50 мл
Бупарваквон
Инъекция 50 мг/мл
Бупакон
(Вет)
аджанта

Профилактикасы

- Тейлериозға қарсы химиялық профилактика қолданылады. Осы ретте сульфантрол мөлшері 0,003 г/кг малдың салмағына 10% ерітінді ретінде 7 күнде 1 рет, мамырдың аяғынан шілденің аяғына дейін бұлшық етке егеді. Аурудың шығар мерзімі алдында малдарға Наганин мөлшері 0,015 г/кг салмағына 10 % ерітінді ретінде 1 рет күре тамырға егеді.